

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



# ТҰРПАТ - ҚАЗАЛЫ

№23  
(2402)

Жексенбі  
22 наурыз  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі ағайын!

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Әз-Наурыз – елдігімізді айшықтайтын, бірлігімізді бекемдейтін, береке мен татулықтың ұлы мейрамы. Халқымыздың бай салт-дәстүрі мен мәдени мұрасынан тамыр алып, ізгілік, ынтымақ, сыйластық секілді асыл құндылықтарды дәріптейтін ерекше күн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы - «Ұлыстың ұлы күні – ұлтымыздың ұлық мейрамы. Бұл – біздің ата дәстүріміз. Шуақты көктем мерекесінде бүкіл дүние қайта жаңғырады. Күн мен түн теңеледі. Қазақ елі әз-Наурызды көне заманнан бері тойлап келеді. Наурыз – ең алдымен, игілікті істердің мерекесі», - деп мерекенің маңызын айшықтай түскен болатын.

Биыл Наурыз мейрамы елімізде ерекше салтанатпен, кең ауқымда тойланды. Президентіміздің бастамасымен әзірленген тұжырымдамаға сәйкес, 14-23 наурыз аралығында елімізде «Наурызнама» онкүндігі ұйымдастырылды. Бұл мереке қоғамдық ынтымақ пен ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, жаңару мен жасампаздықты дәріптейтін ерекше мерекеге айналды.

Биыл – еліміз үшін, өңіріміз үшін айрықша мәні бар, тарихи маңызды жыл болды. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басты.

Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес елімізде биыл 15 наурыз күні өткен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына арналған республикалық референдумда Сыр өңірінің халқы жоғары азаматтық белсенділік танытып, ел бірлігінің жарқын үлгісін көрсетті. Президентімізге, мемлекетіміздің тұрақты дамуына, Ата Заңымызға және ел басқарудағы әрбір бастамаларға деген сенімінің айқын дәлелін көрсеткен бұл игі істе қазалылықтардың қосқан үлесі зор.

15 наурыз – Конституция күні ретінде еліміздің ең басты мерекесі ретінде қабылданып, халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енетін болады.

Биылғы Наурыз мерекесіне қазыналы Қазалы ауданы толайым табыстармен жетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен аудан халқының әлауқатын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Қадірлі жерлестер!

Жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыспен берекенің арқауы болған әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыс әкелсін.

Еліміздегі тұрақтылық тұғыры бекемделіп, бақ-берекеміз арта берсін!

Наурыз мейрамы – халқымызға құт - берекесімен, ырыс - ынтымағымен келсін!

Ұлыс оң, ақ мол болсын, ағайын!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмаханов

## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ САЛТАНАТПЕН ТОЙЛАНДЫ

Әз - Наурыз мейрамын қазалылықтарда салтанатпен тойлады. Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда өткізілген салтанатты шараға кент тұрғындары мен қонақтар көп жиналды. Қ.Пірімов көшесін бойлай тігілген ақбоз үйлердің айналасы халыққа лық толы. Онда халықтық салт-дәстүрді дәріптейтін көріністер көрсетілуде. Алаңда алты бақандар тербеліп, жастар қызыққа кенелуде. Су бұрқақты қызықтап, жас балалар мәре-сәре. Бозкілемде жас балуандар белдесуі өтіп жатса, жас тоғызқұмалақшыларда бәсекені қыздыра түскен. Әнші, жыршы, термешілердің шырқата салған әндері мен жырлары көкке қалықтауда. Несін айтасың, мейрамды тамашалауға келген халық мәре-сәре.

Зиялы қауым өкілдері мен ар-



баланы атқа мінгізу, баланы бесікке салу көріністері де қызықты болды. Келі түйіп, дейірмен тарту көрінісі бейнеленді. Жас аналардың айтулы қонақтарға балаларының тұсауын кестіру шарасының тартымдылығын айта кеткен жөн.

Орталық алаңдағы үлкен сахнада Наурыз көріністерінің сахналануы тұрғындар тарапынан ризашылыққа бөленді. Тай қазанды ортаға шығарып, тұрғындарды наурыз көжеден дәм тартыру сәтімен болған көріністер. Жыршылар мен оркестр күйшілерінің өнері



де көпшілікті бей-жай қалдырмады.

Наурыз мейрамына жиналған көпшілікті облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов құттықтады.

Наурыз мерекесінде облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов пен аудан

дагерлер ауданға жұмыс сапарымен келген облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов пен аудан әкімі бастаған топты салтанатпен қарсы алды. Ән айтып, жыр жырланды. Осы сәтте салтанатты шара басталды да кетті. Ақбоз үйдің жанында қыз ұзату көрінісі көрсетілді. Шашу шашылды. Келін түсіру, келіннің сәлем салу шарасы тартымдылығымен есте қалды. Жас

әкімі Алмасбек Есмаханов бір топ сала мамандарына Қызылорда облысының құрмет грамотасымен, облыс әкімінің алғыс хаттарымен, басқа да марапаттарды салтанатпен тапсырды.

Салтанатты шараға қатысушы көпшілік Наурыз көжеден дәм татып, қуанышпен тарасты.

Жұлдызай ЖЫЛҚАЙДАР,  
«Тұран-Қазалы»

## АЛТЫН ТОЙ ИЕЛЕРІ МЕН ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА НЕКЕ КУӘЛІКТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

Қазалы ауданында Наурызнама онкүндігі аясындағы Шаңырақ күніне орай алтын той иелері мен жас жұбайларға неке куәліктерін табыстауға арналған тағылымды шара өтті.

Әйтеке би кентіндегі «Руханият» орталығында өткен «Шаңырақ – отбасы берекесі» атты салтанатты жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, мерейтой иелерін құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Наурызнама онкүндігі аясындағы Шаңырақ күні – отбасы құндылықтарын дәріптейтін ерекше күн. Қазақ халқы қашанда отбасыны қоғамның алтын діңгегі, берекенің бастауы деп білген. «Отан – отбасынан басталады» деген дана сөздің астарында терең мән жатыр. Берекелі шаңырақ – ел бірлігінің, ұлт болашағының берік негізі. Біздің еліміз үшін бүгінгі күннің тарихи маңызы өте жоғары. Дәл бүгін Ақорда төрінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы



Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауға арналған салтанатты жиын өтіп, жаңа Конституциямыз қабылдануда. Осындай ел үшін маңызды күні отбасылық мерейтойларыңызды атап өтіп, жас жұбайлардың шаңырақ көтеруі – ерекше ғанибет, – деді аудан әкімі. Шарада бір шаңырақ

астында тату-тәтті өмір сүріп, ұрпақ өсіріп, үлгілі отбасы атанып отырған Алдабергендер, Жұбановтар, Айтчековтер әулеттеріне отау құрғандарына 50 жыл толуына орай құрмет көрсетілді. Алтын той иелеріне аудан әкімі арнайы неке куәліктерін табыстап, иықтарына шапан жауып, әжелерге жаулық жауып, гүл

шоқтары мен сый-сияпат ұсынды. Бұл – жарты ғасыр бойы бір-біріне тірек болып, берекелі отбасының үлгісін көрсеткен ардақты жандарға деген зор құрметтің белгісі болды.

Сонымен қатар, мерекелік күні жаңа өмірге қадам басқан үш жас жұбайдың некесі қиылып, оларға салтанатты түрде неке куәліктері табысталды. Аудан әкімі жас отбасыларға шаңырақтары биік, керегелері кең болып, берекелі өмір сүрулеріне тілектестік білдіріп, сый-сияпат пен гүл шоқтарын тарту етті.

Тағылымы мол шарада отбасының қоғамдағы орны, ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтардың маңызы кеңінен насихатталды. Өнегелі отбасылар мен жас жұбайлардың басын қосқан бұл игі бастама ұрпақтар сабақтастығын дәріптеп, шаңырақтың қадір-қасиетін айшықтай түсті.

**Қазалы ауданы  
әкімінің баспасөз  
қызметі**

● Заң мен тәртіп

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»: РОБОТ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ – УАҚЫТ ПЕН ҚАРЖЫНЫ ҮНЕМДЕЙТІН ТИІМДІ ТЕТІК

2024 жылғы 19 маусымда Мемлекет басшысы кредит беру кезінде тәуекелдерді азайтуға және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге бағытталған заңға қол қойды. Аталған өзгерістердің нәтижесінде республика көлемінде «Оңайлатылған іс жүргізу» қызметі іске қосылып, «Робот сот орындаушысы» жобасы енгізілді.

Жаңа тәртіпке сәйкес, 20 айлық есептік көрсеткішке дейінгі әкімшілік айыппұлдар белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, атқарушылық іс жүргізу автоматты түрде қозғалады.

Азаматтарға бұл туралы 1414 нөмірінен SMS-хабарлама және eGov Mobile қосымшасы арқылы push-хабарлама жолданады. Аталған жүйе жеке сот орындаушысының қызметіне төленетін 25 пайыздық қосымшасыннан босатып, барлық рәсімдерді онлайн форматта жүргізуге мүмкіндік береді.

2025 жылы облыс бойынша жалпы сомасы 1,15 млрд теңгені құрайтын

48 236 атқарушылық іс қозғалған.

Мысалы, белгілі бір азаматқа полиция органдары тарапынан әкімшілік бұзушылық жасауына байланысты, айыппұл салынады.



Заңда көрсетілген мерзімде айыппұлды төлемеген жағдайда, заң талаптарына сәйкес әкімшілік хаттама полиция органдарынан автоматты түрде сот орындаушысына мәжбүрлі түрде өндіріп алу үшін жолданады.

Жаңа тәртіп бойынша алдымен «робот сот орындаушы»

жүйесі іске қосылып, азаматтың банктік шотында айыппұлды өтеуге жетерліктей қаражаты болса, берешек сомасы автоматты түрде өндіріліп алынады да, атқарушылық іс

қысқартылып, азаматтың шоты қайта ашылады.

Ал шотында қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, іс заңға сәйкес отыз күн күнтізбелік кешіктірмей жеке сот орындаушысына жолданады. Бұдан әрі берешекті өндіру шаралары қолданыстағы заңнама аясында жүргізіледі.

Осылайша, жүйе

азаматтардың уақытын үнемдеп, рәсімдерді жеңілдетуге және атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған ақпараттық механизм болып табылады.

Қазіргі уақытта, әділет органдары цифрлық сервистерді одан әрі жетілдіру жұмыстарын жалғастыруда. Соның ішінде жасанды интеллект негізінде «Әйтеке» көмекшісін іске қосу жоспарланады. Аталған чат-бот азаматтарға қарапайым құқықтық кеңес беріп, құжаттарды рәсімдеуге

жәрдемдесетін болады.

Сонымен қатар, робот сот орындаушысының құзыретін кеңейту мәселесінде қарастырылуда, яғни берешек шегі 20 айлық есептік көрсеткіштен 40 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылмақ.

«Заң мен тәртіп» қағидасы аясында қабылданып жатқан шаралар құқықтық сауаттылықты арттыруға, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету баса назарға алынған. Нәтижесінде азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеп, заң көмегін алу үдерісі барынша жеңілдетуге бағытталған.

**Ғалым НҰРМАН,  
Қазақстан  
Республикасы  
Бас Прокуратурасы  
Құқықтық  
Статистика және  
Арнайы Есепке  
Алу Жөніндегі  
Комитетінің  
Қызылорда облысы  
бойынша  
Департаментінің  
Қазалы ауданы  
бойынша  
инспекторы**

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ӘЗ НАУРЫЗ

1925 жылы 22 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде алты алаштың ардақтыларының бірі – Сұлтанбек Қожановтың «Наурыз туралы» мақаласы жарияланды. Сонда «Наурыз – қазақтың ұлы күні! Наурыз – жыл басы! Мұны білгіштер» «дін мейрамы деп жиреніп, лажи болса құртып жіберу керек», - деп айтатындары бар.

Қой аспанға қарап жамырай маңырап, тұрып қалатын көрінеді. «Әз болмай, жаз болмайды» деген нақыл сөз осыдан шыққан.

Қазір қойларда өз гүлін естей алмайды, өйткені көктеде, жердеде үздіксіз гүрілдеп жатқан техникалық дыбыстар басып кеткен.

Наурыз мерекесін

Наурыз түні тілеген тілек қабыл болып, күніміз ұлысты, жеріміз ырысты болғай! Мезгілсіз апаттан сақтай көр!,- деп тілеген. Наурыз түнінде жеті түрлі дәннен ағарған, сүт, айран, тағы басқаларынан дәм дайындаған. Жастар жағы «Ұйқы ашар» дәмін береді.

Наурыз мейрамында мал



Наурызға арналған намаз жоқ. Наурызда құрбан шалып құран оқылмайды. Наурыз мұсылмандықтан көп бұрын шыққан мейрам. Әсіре қызыл коммунистер совет өкіметі тұсында 1927 жылдан бастап Наурыз мерекесін тойлауға арнайы тиым салды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан сәл бұрын 1988 жылы 22 наурызда Әйтеке би кентіндегі №421 қазақ орта мектебінің директоры Ж.Бекмамбетовтың ұйымдастыруымен ата-аналар мен оқушылар қатыстырылып, аулаға ағаш үй тігіліп, қазанға наурыз көже асылып, балалар ұлттық ойын ойнап, мәре-сәре болды. Халық ерекше сағынышпен «Ұлу жылын» қуанып қарсы алды.

Ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановпен тағы басқалардың бастамасымен Алматыда бастау алып, 1988 жылы Наурыз мерекесі тойланды.

Алайда, қазақ халқы Наурызын ешқашан ұмытқан емес, дабырлатып тойламаса да наурыз көже жасап атап өткен. Астрономиялық есеп бойынша Наурыз айының 21-нен 22 жұлдызына қараған түні аспан денелері өзінің алғашқы айналу нүктесіне қайта айналып келеді екен. Сонда күн мен түн, ыстық пен суық, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарық теңелетін жаратылыстың керемет сәтінде ұлыстың ұлы күні – Наурыз кіреді. Осы кезде әуеде ғажайып бір дірілмен гүл естіледі, сол үнді «Әз» дейді. Әз өткенде бүкіл жан-жануар, күллі өсімдік дүниесінде, жалпы тіршілік әлемінің бойына қан жүгіріп, қайта түлеп жаңарады, ескінің ауырлығы кетеді. Алайда Әздің жүргені байқала бермейді, оның өткенін қой малы алдымен сезеді екен.

Иран, Ауғанстан, Кавказ, Орта Азия халықтары төл мерекесі ретінде тойлайды. Әр халықтың өзіне тән таным-нанымы, салт-дәстүрі болғандықтан наурызды қарсы алудың өз қағидалары, үлгілері бар. Бұл күнге әрбір отбасы қыстан бастап дайындық жасаған. Қысқы соғымның шеке, жамбас, жілік мүшелерінен, қазыдан әдейі арнап сүре сақтайды. «Наурызда ашамын», - деп әжелер қарындағы майын, жент, құрт, ірімшік тағамдарын алдын ала үнемдеп, қамданып жүреді. Мұндай дәмдерді «Ұзын сарының сыбағасы» деп те атаған. «Ұзын сары келетін шақ» деп көктемнің көк өзек кезін айтады. Адамның өңі өзгеріп, қуқылданып, көзі қарығып, жылы жазды сарыла күткен наурызға дайындықтың бір түрі – қол өнерімен байланысты ою кесте, түскиіз, тақия, ожау, қасық, тостаған, саптыаяқ сияқты қажетті тұрмыстық заттар дайындаған.

Үйдің айналасын күл қоқыстан тазартып, алаша, кілем, киіздің, киімдердің шаң тозаңын қағып, мерекеге дайындайды. Үйдің сыртын-ішін, мал қораны түгелімен дәрілік шөп адыраспан, аршамен аластап шығады. «Ұлыс күн таза үйге кіреді, сонда құт береке қоса енеді» деген нұсқалы сөз бар. Тазартылған үйдің төріне шырақ жағылады.

Е, Құдайым оңдасын!

Қыдыр келіп қолдасын!

Бас аман, мал түгел боп,

Береке бірлік орнасын!,- деп әркім жүрегімен ақтарыла тілек тілейді. «Қызыр баба», кейде «Қыдыр баба», - деп жебеуші кие түнін күтеді. Жыл бойы атқарған істеріне есеп беріп, білмей жасаған қателік күнәларына жаратқан иеден кешірім, алдағы өміріне медет сұрайды.

сойылмайды. «Өсер төлге, көбейер түлікке кесірі тиеді» деген тиым бар. Наурыздың амандасу салты әдеттегіден өзгеше. «Ұлыс оң болсын, қайда барсаң жол болсын! Наурыз құтты болсын! Қызыр даурысын, Ұлыс береке әкелсін» деген тілекпен төс қағыстырып амандасады.

Наурыз тамашасы көже ішумен шектелмейді, балуан күрес, арқан тарту жарысы ұйымдастырылып, әнші, күйшілер өнер көрсетіп, тағы басқа да көңілді сайыстар өтеді. Үлкендерден бата алу үлкен мәртебе саналған.

Көктемде елдің ерекше күтіп жүретін құсы-наурыз көк, аспан түстес көгілдір көздері қарақаттай қап қара, кішкентай ғана момақан құс. «Наурыз көгім келдің бе, аман-есен көрдің бе, жем шаш» – дейтін. Оның келуіне қарайлас наурыз шешек шығады, өте әсем көпжылдық шөп.

Ұлыстың ұлы күні қуанбайтын адам жоқ. Бей-берекет сөйлеу, жағымсыз іс қылу, біреуге тіл тигізу, қол жұмсау қылықтары болмайды. Егерде реніш болса, сөзге келмей татуласады «Ұлыс күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «ырыс алды ынтымақ» дегендей елді бірлікке шақырған. Ақылғой ақсақалдар бір дастарханнан дәм татқызып татуластырған. Ұрпақ атадан қайырымдылық, әжеден мейірімділік, анадан тәрбие, әкеден өнеге күтетінін естен шығармаған. Әр жыл мезгілінің өзіне тән тағам түрлері болады. «Ауру-астан» дегендей көктемде ағарған ішіп, тіршілік көзі-қан толығады. Ағза тазарады.

Наурыз мерекесі баршаңызға құт береке әкелсін, құтты болсын.

**Серік БАЙМЕН,**  
ардагер ұстаз

## НАУРЫЗ – ЖЫЛУЛЫҚ ӘКЕЛЕТІН МЕРЕКЕ

Соңғы жылдары мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамының төл мағынасын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өту керектігін жиі айтып жүр. Бұл ұлтты ұйымдастыратын, елдік тұрғыда жаңару мен жаңа құндылықтарды қалыптастыратын, бірлік, бауырластық пен ынтымақтықты арттыратын мереке. Адамның ұлтына, тіліне, сенім-нанымына қарамай Наурыздың тәлімдік әрі тәрбиелік мазмұны ерекше, жалпы ұлттық бірегейлік пен мәдени іс-шара.

Атқан таңға, келер күнге үмітпен қараған адамзат тіршілік атаулы жаңаратын Наурызды жақсылыққа ниет етіп қарсы алады. Наурыз көжеге қосылатын талқан, бидай, кілегей, сүзбе, уыз, ірімшік сынды құнарлы ас ағзаның күні бойы алатын калориялық қуатын тиімді пайдалануға жол ашады.

Наурыз көктемнің келуімен, табиғаттың жаңаруымен көрініс береді. Көктем жылы жаққа қайта оралған құстармен де сәнді. Бір дастархан басына жиналып Наурыз көже ішу отбасының, ел бірлігінің белгісі. Бұл үлкендерге құрмет пен кішілерге ізет, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырады.

Наурыз көже – еңбекті, қанағатты, табиғатпен үйлесімді және берекелі өмірді дәріптейтін ұлттық көрініс. Үлкендерге сәлем беріліп, ақсақалдардан бата алынуы ұрпақ сабақтастығы, құрмет пен ізет нақты іс арқылы көрініс табады. Бірлесіп көшеге, аулаларға ағаш отырғызылады. Аулалар, көшелер тазартылып көгалдандырылады. Ұлттық киімдер киіп, өнерпаздар өнерлерін көрсетеді. Көптен бір-бірлерін көрмегендер төс қағыстырып көрісіп, бір-бірлерін мерекелерімен құттықтайды.

Бұрындары ренжіскендер өзара татуласады. Наурыз көжені көпшілік бірге дайындап, бірге дәм татады. Жеті түрлі дәм қосылып дайындалған ас бірлік пен татулықтың айқын белгісі болмақ. Сәбиді бесікке бөлеу, сәбидің тұсауын кесу, тағы басқа да рәсімдер жасалады. Ақбоз үйлер тігіліп, ұлттық нақышпен безендіріледі. Алты бақан, күрес, тағы басқа спорттық шаралар ұйымдастырылады. Көкпар тартылып, ат жарыс бәйгесі де өтеді.

Соңғы жылдары Наурызды тойлаудың жаңаша форматы енгізілуде. Бұл өте дұрыс бастама. Наурызда бүлдіршіндерді шаттыққа бөлеп, қуантатын ерекше жағдай жасалса мереке ажарлана түсер еді. Себебі, Наурыз әлемге жылулық әкелетін мереке ғой.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,**  
Аудандық орталық  
«Жанқожа батыр»  
мешітінің баспасөз  
хатшысы

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

Қазақ халқы үшін жылқы малынан асқан жануар жоқ. Өйткені ол ерте заманда адамды диттеген жеріне жеткізетін көлігі, адасқанда жол көрсетуші болды. Адамның бар өмірі жылқы үстінде өткен. Ұлан ғайыр даланы осы жылқы үстінде жүріп қорғаған. Елтаңбамызда жылқы қанатты пырақ ретінде көрініс тапқан. Сондықтан да жылқы қазақ баласының коды деп айтуға болады. Жылқының қадір қасиеті орасан зор, пайдасы бар екені ерте заманнан белгілі ақиқат нәрсе. Мысалы, ауық-ауық атқа міну ас қорытуды, жұқарған жүйкені қалпына келтіруі, құрысты арқаны жазуы, бұлшық еттерді қозғалысқа келтіруі, тіпті қазақ ұрпағының көп болуы осы жылқының арқасы. Бүгінде жас ұрпақтың түрлі дертке шалдығуы ойландыратын мәселе. Балаларды жылқыға мінгізіп серуендету арқылы қан айналымын жақсартуға ықпал ететінін халқымыз ерте бастан қолданып жүзеге асырып отырған. Атқа мінген адамның

омыртқа сүйектері, бұлшық еттері үздіксіз қозғалысқа түсіп, ағзаға жағымды әсер қалдырады.

Қазақтың жаратылысы жылқымен сабақтас, сондықтан жылқы мінездес. Иесіне адал қызмет ететін жылқы текті жануар. Бұл жөнінде ғалым зерттеуші Ш.Уалиханов «Қазақтардың шамандық қалдығы» еңбегінде жылқының киесіне баға берген. Оны қадірлемеу киенің ашуын, қаһарын туғызып, кесірін тигізетінін айтқан.

Тоқсанның төріне шыққан елдің кәдірлі азаматы Мырзабай Қонысбайұлы 1964 жылы Мәскеуде жоғары партия мектебінде оқып жүргенде үш айдан кейін денсаулығы нашарлап, жүдеп, амалсыздан дәрігерге барғанын айтады. Дәрігер үлкен кісі екен, қай жерінің ауыратынын сұрайды, ішін басып көріп, айналдырып, ұзақ тыңдайды. Сосын: «Сен Қазақстаннан келдің ғой, иә!? Қандай тамақ ішіп жүрсің? – деп сұрайды. Бұл суп-борщ, котлет,

макорон, вермишель ішіп жүргенін айтады. -Сен, товарищ, ұлтың қазақ, үнемі ет жеуің керек. Онда да ірі қара, әсіресе жылқы етін, қазы-қартасын, жал-жаясын жеуің керек!?!-деп орысшалап айтып, ернін жымқыра көзінің астынан оған сүзіле қарап, біраз басын изеп отырады.

-Сен мына түріңмен жарты жылдан кейін «Қарның аштықтан» организмде ет жегеннен алатын витаминдерің мүлде азайып, күш-қуатың таусылып өлесің! Сондықтан бастықтарыңа айтып, оқуды қойып ауылыңа қайт! Барғасын ет же, әсіресе жылқы етін жеп денсаулығыңды түзе! Сендер витаминдерді жылқы етінен аласыңдар, -дейді. Осылайша Мырзабай ағамыз мен өлмей тұрғанда ауылға қайтайын деп партия мектебіндегі оқуын тастап кетіпті.

Жылқының кәдір-қасиеті туралы аңыз-дастандар, өлең-жырлар ұрпақтан-ұрпаққа құнды мұра бо-

лып беріліп келген. Халықпен бірге келе жатқан асыл мұраларға ие болу, адал болу-ұрпақ міндеті.

Атасы Бауыржан Момышұлы немересі Ержанға сиыр жылы сыйлық, Барыс-бірлік, Қоян-қамбалы, Ұлу-үлгілі, Жылан-жайлы, Жылқы-жұтсыз, Қой-құтты, Мешін-мерейлі, Тауық-табысты, Ит-игілік, Доңыз-дүниелі жыл деп түсіндірген. Жылдың жаманы жоқ, оны құтты ететін де адам, оның іс-әрекеті пиғылы. Ал, түйе қасиетті жануар, он екі жылды бойына сіңіріп тұр. Құлағы-тышқан, бақайы-сиыр, тірсегі-барыс, еріні-қоян, төбесі-жылқы, тісі-қой, жүні-мешін, мойыны-тауық, шөккені-ұлу, қабағы-жылан, табаны-ит, құйрығы-доңыз,-дейді.

Қамбар ата тұқымы биылғы Жылқы жылымыз құтты болсын. Елімізге жайлы, толағай табыс, құт-береке әкелсін!

**Дайындаған,  
Серік БАЙМЕН,  
ардагер ұстаз**

## ОРМАН БАЙЛЫҒЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Елімізде орман аз! Сондықтан орманды көбейту, сақтау, барша қазақстандықтардың міндеті. Әрбір азамат орманда жүргенде өрттің тұтануынан сақтанып, оны байқаған кезде сөндіріп, яки болмаса өрт сөндіру мекемелеріне жедел түрде хабарлаулары керек. Себебі, орман баршамыздың ортақ байлығымыз.

Ал, орманға ең қауіпті - өрт, адамдар қолымен жасалатын өрт.

«Өрт - тілсіз жау» деп үнемі айтқанымызбен, көпшілік оны ұғына бермейді. Адамдар кейде құрап тұрған шөпке өрт қояды, дер уақытында ауыздықталмаса, орман алқаптарын жалынына орайды. Зиян шегетін табиғат ана ғана.

«Жанқожа баба» орманшылығының орман қоры жерлерінде сексеуіл ағашымен қамыс, жыңғыл өседі. Олар өртке жану қауіпіне өте биім келетіндіктен орманшылар аса қырағылықпен күзетіп келеді.

Қорыта келгенде айтарымыз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер және шаруа қожалықтары егістік алқаптарды өртеу кезінде төтенше жағдайлар органдарын алдын ала хабардар етіп, от жағу мен құрғақ шөптерді өртеу оқиғаларына тиым салуды, кезекшілік ұйымдастыруды күшейте отырып, табиғат байлығын өрттен бірлесе қорғап, ұрпаққа жайқалған жасыл орман алқабын қалдырайық.

Өз күштеріңізбен өртті сөндіру мүмкін болмағанда міндетті түрде орман күзеті қызметкерлеріне хабарлаңыз. Тел.: -51-3-63, 101

**А. ПИРМАНОВ,  
«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің «Жанқожа баба» орманшылығының басшысы**

## БАС КИІМ - ЭТНО-ДОКЕР

Қазіргі заманда жастар киім арқылы өздерінің стилін ғана емес, ұлттық болмысын да көрсеткісі келетінін байқауға болады. Соның бір дәлелі, этно докер - бас киім заманауи стильде жасалған. Бұл жай ғана бас киім емес, қазақтың ұлттық тақиясымен тең.

Этно докер бас киімі - қазіргі кезде жастар арасында танымал бола бастады. Қазіргі кезде сәуке, тақияны ешкім кие бермейді. Бұл заманауи сән мен дәстүрлі құндылықтардың үндесуі бейнеленген бас киім болып табылады.

Этно-докер (немесе заманауи тақия) — қазіргі жастар арасында трендке айналып келе жатқан ерекше бас киім. Шекелік — қазақ қыздарының самай тұсына тағатын ежелгі әшекей бұйымдары. Ол тек сұлулық үшін емес, жас қызды тіл-көзден сақтайтын, оның нәзіктігін айшықтайтын бойтұмар ретінде қабылданған. Этно-докер бас киімін кию, ұлттық құндылықтарды жалғастыру нышаны, Наурыз мерекесінің сәні. Оның басты ерекшелігі — ұлттық ою-өрнектермен безендірілуі. Қазақ халқының дәстүрлі оюлары бұл бас киімге ерекше мән мен көрік береді. Мұндай өрнектер халықтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын білдіреді. Осылайша ұлттық стиль қазіргі заманғы киім үлгісімен үйлесім табады.

Этно докер — дәстүр мен заманауи сәннің үйлескен көрінісі. Ол ұлттық мәдениетті жаңғыртып, жастар арасында қазақтың ою-өрнектерін танытуға көмектеседі. Сондықтан мен Наурыз мерекесіне киюге арнайы алдым. Бұл бас киім ұлттық рухты сақтауға және дамытуға өз үлесін қосады деген ой-дамын.

**Динара НЫСАНЖАН,  
№276 орта мектептің 6 «б» сынып оқушысы**

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Тлеумбетов Дәурен Оңғарбайұлының анасы

**ҚАПАРОВА ДАРАЖА ІЗІМҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

(Газетіміздің келесі саны 30 наурыз, дүйсенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР  
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР  
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.